

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢЫ**

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне
қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне
қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне:

1) 3-баптың 2) тармағы «214-бапта – құны екі мың айлық есептік көрсеткіштен асатын тауарлар саны;» деген сөздерден кейін «217-1-бапта – айлық есептік көрсеткіштен екі жүз есе асатын сомадағы залал;» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 217-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«мүлкі тәркіленіп, бір мыңнан үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

екінші бөліктің бірінші абзацының 4) тармағы «мүлікті» деген сөзден кейін «не оған құқықты» деген сөздермен толықтырылсын;



үшінші бөлікте:

бірінші абзацтың 2) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) аса ірі мөлшерде ақшаны, өзге мүлікті не оған құқықты тарта отырып жасалған;»;

екінші абзацтағы «он» деген сөз «он екі» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) мынадай мазмұндағы 217-1-баппен толықтырылсын:

«217-1-бап. Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы жарнамалау

1. Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы жарнамалау, яғни айтарлықтай залал келтіре отырып, ақпаратты жария түрде немесе бұқаралық ақпарат құралдарын немесе электрондық ақпараттық ресурстарды пайдалана отырып, адамдарды оған тартуға алып келген жеке және тікелей тарату –

мүлкі тәркіленіп, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген:

1) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;

2) бірнеше рет жасалған;

3) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған іс-әрекет –

мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.».

2. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне:

1) 187-баптың 4-1-бөлігінің бірінші абзацы «217 (екінші бөлігінде, үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарында)» деген сөздерден кейін «, 217-1 (екінші бөлігінде)» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 191-баптың сегізінші бөлігі «217 (бірінші бөлігінде)» деген сөздерден кейін «, 217-1 (бірінші бөлігінде)» деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**



Дүртте: құжаттамамен бағдатанасыз ету
бөлімінің саясат маңсаурушы
май Н.Шайтмұста.

**ЗАКОН
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**О внесении изменений и дополнений в некоторые
законодательные акты Республики Казахстан
по вопросам противодействия деятельности
финансовых (инвестиционных) пирамид**

Статья 1. Внести изменения и дополнения в следующие законодательные акты Республики Казахстан:

1. В Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года:

1) пункт 2) статьи 3 после слов «214 – количество товаров, стоимость которых превышает две тысячи месячных расчетных показателей;» дополнить словами «217-1 – ущерб на сумму, в двести раз превышающую месячный расчетный показатель;»;

2) в статье 217:

абзац второй части первой изложить в следующей редакции:

«наказываются штрафом в размере от одной тысячи до трех тысяч месячных расчетных показателей либо привлечением к общественным работам на срок до одной тысячи двухсот часов, либо ограничением свободы на срок до пяти лет, либо лишением свободы на тот же срок, с конфискацией имущества.»;

пункт 4) абзаца первой части второй после слова «имущества» дополнить словами «либо права на него»;

в части третьей:

пункт 2) абзаца первого изложить в следующей редакции:

«2) с привлечением денег, иного имущества либо права на него в особо крупном размере;»;

в абзаце втором слово «десяти» заменить словом «двенадцати»;



3) дополнить статьей 217-1 следующего содержания:

«Статья 217-1. Реклама финансовой (инвестиционной) пирамиды

1. Реклама финансовой (инвестиционной) пирамиды, то есть личное и непосредственное распространение информации публично или с использованием средств массовой информации или электронных информационных ресурсов, повлекшее вовлечение в нее лиц с причинением значительного ущерба, –

наказывается штрафом в размере до двух тысяч месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до шестисот часов, либо ограничением свободы на срок до двух лет, либо лишением свободы на тот же срок, с конфискацией имущества.

2. Деяние, предусмотренное частью первой настоящей статьи, совершенное:

1) группой лиц, группой лиц по предварительному сговору;

2) неоднократно;

3) лицом с использованием своего служебного положения, –

наказывается ограничением свободы на срок до четырех лет либо лишением свободы на тот же срок, с конфискацией имущества, с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью на срок до трех лет.».

2. В Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 года:

1) абзац первый части 4-1 статьи 187 после слов «217 (частью второй, пунктами 1) и 2) части третьей),» дополнить словами «217-1 (частью второй),»;

2) часть восьмую статьи 191 после слов «217 (частью первой),» дополнить словами «217-1 (частью первой),».

Статья 2. Настоящий Закон вводится в действие по истечении шестидесяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Президент
Республики Казахстан**



Версия
Заведующий сектором отдела
документационного обеспечения
Майф Н.Майғылдаев.